ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 қараша №4360-23-00-2/2329 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
сот отырысының хатшысы Л.Ж.Алтынбаеваның қатысуымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақжона ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«КазМетСервис» атауымен әрекет етуші Ерлан Палимбетович Тасмуратов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор М.Тұрғанбекұлы
талап қоюшының өкілі Ж.Б.Ернияз
жауапкер Е.П.Тасмуратов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 13 шілдеде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №39 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 819 082 теңгеге «Тор» тауарын шарт аумақтық қазынашылық органында тіркелгеннен кейін 2 ай мерзім ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарт қазынашылық органында 2023 жылғы 13 шілдеде тіркелген, яғни тауарды жеткізу мерзімі 2023 жылғы 13 қыркүйек.

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап қоюмен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және шартты бұзу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 28.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 03.01.2024, судья Еламанов Н. Б., 05.01.2024

Соттың 2023 жылғы 21 қарашадағы ұйғарымымен талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру және шартты бұзуды сұраған бөліктері дауды алдын ала сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі сақталмауына байланысты қараусыз қалдырылды.

Жауапкер қарсы пікірінде талаппен келіспей, тапсырыс беруші техникалық ерекшелікте тауардың өлшемін қате көрсеткенін және тапсырыс берушінің өкілдері шартты бұзамыз деп айтқанымен ресми түрде хабарлама жібермей тікелей сотқа жүгінгендігін көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі Ж.Б.Ернияз талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, талап қоюды негізінен қарап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Е.П.Тасмуратов талапты мойындамай, қарсы пікірде көрсетілген уәждерін айтып, тұрақсыздық айыбын төлейтінін, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танымауды сұрады.

Прокурор М.Тұрғанбекұлы талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттардың 5.4-тармағына сай Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні депөнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер осы күнге дейін тауарды жеткізбей, өзінің міндеттемесін орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 28.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 03.01.2024, судья Еламанов Н. Б., 05.01.2024
4360-23-3-1/2481

Жауапкер талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

Шарттың №1-қосымшасында, тауардың сипаттамасы нақты көрсетілген. Өлшемдері дұрыс көрсетілмеген, ондай өлшеммен қымбат болып кетеді деген уәждеріне сот сынмен қарайды.

Жауапкер өзінің баға ұсынысы негізінде өзге әлеуетті өнім берушілердің арасында жеңімпаз деп танылғандықтан уәждерін сот негізсіз деп санайды.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 14 қыркүйекте жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді деп саналып, қанағаттандырылуға жатады деп сот тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақжона ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «КазМетСервис» атауымен әрекет етуші Ерлан Палимбетович Тасмуратов жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «КазМетСервис» атауымен әрекет етуші Ерлан Палимбетович Тасмуратов жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «КазМетСервис» атауымен әрекет етуші Ерлан Палимбетович Тасмуратов жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 28.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.01.2024, судья Еламанов Н. Б., 05.01.2024

4360-23-3-1/2481

Көшірме дұрыс
Судья **Н.Б. Еламанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 03.01.2024 жылы енді.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 28.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.01.2024, судья Еламанов Н. Б., 05.01.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»